

Zaңғar

2004 жылдың
наурыз айынан шығады



ЖӘНГІР ХАН УНИВЕРСИТЕТИ

УНИВЕРСИТЕТ ҚҰРДАСТАРЫ

Жаңа айдар. Алғашқы кейіпкер

Биыл – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылғанына 60 жыл толып отыр. Осыған орай «Заңғар» газетінде «Университет құрдастары» атты жаңа айдар ашылды. Айдарымыздың бүгінгі алғашқы кейіпкері – Жәңгір хан университетінің басқарма төрағасы-ректор Асқар Мырзахметұлы Наметов.



Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, академик Асқар Мырзахметұлы 1963 жылы 5 қаңтарда Алматы облысына қарасты Жамбыл ауданында дүниеге келген. Жыл басында 60 жасқа толған университет басшысының өмір жолынан бірқатар деректерді келті-

ре кеткенді жөн көрдік.

Басқарма төрағасы он жылдық мектепті медальмен бітірсе, К.И.Скрябин атындағы Мәскеу ветеринарлық академиясын үздік тәмамдаған түлектердің бірі. Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгеннен кейін еңбекке араласып, білім-ғылым саласында үздіксіз ізденіспен қажырлы қызмет етіп келеді. Ғылым жолында сатылай өрлеп, ветеринариялық-биологиялық қауіпсіздік, ветеринариялық хирургия және иммунология, биотехнология және генетикалық-молекулалық биология, жануарлардың көбеюі және асылдандыру бағытында ғылыми зерттеулер жүргізген ғалым. Сонымен қатар жоғары лауазымдық қызметтерді абыроймен атқара жүріп, түрлі ғылыми жобалардың

табысты жүзеге асырылуына себепкер болған. Білім беруді басқару, кредиттік технология бойынша оқытудың оқу процесін ұйымдастыру, ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері бойынша әлемдік деңгейде білімін жетілдіріп, тәжірибе алмасып, іскерлік қабілетін арттыруды да назардан тыс қалдырмаған.

Ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, білікті басшы Асқар Мырзахметұлының білім беру және ғылым салаларындағы тынымсыз еңбегі ескерусіз қалмай, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Құрмет» орденімен, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, ҚР Президентінің алғыс хатымен және басқа да көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.

БІЗДІҢ ИНСТИТУТ

Болашақ бизнесмендер мен саңлақ спортшылардың ордасы



Алпыс жылдық тарихы бар Жәңгір хан университетінде бес институт түрлі мамандықтар бойынша талапкерлер қабылдайды. Газетіміздің «Біздің институт» айдарының тұсаукесер ақпаратын «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтынан бастағалы отырмыз.

сору Раушан Смадинқызы Габдуалиева. 2015-2020 ж.ж. – э.ғ.к., доцент Айгүл Мамайқызы Қазамбаева. 2020 жылдан бері – э.ғ.к., доцент Ержанова Жанар Құттықбайқызы.

Профессор-оқытушылар құрамы:

1 ғылым докторы, 27 ғылым кандидаты мен PhD докторы, 39 ғылым магистрі. Олардың қатарында 1 грек-рим күресінен



КСРО спорт шебері, 1 самбо күресінен СССР спорт шебері, 1 волейболдан ҚР спорт шебері бар.

Білім алушылардың жалпы саны – 600. Оның ішінде 119 студент –

республикалық, 13 студент – БҚО әкімінің, 60-ы – университет ректорының, 2-еуі – «Қазақстан халқына» қоры грантының иегерлері.

Үйірмелер: «Успех», «Педагогикалық ізденіс» (ғылыми-әдістемелік), «Мерген», «Спорттық физиология», «Робототехника» (тәжірибелік).

→ 1963 жылы «Агроэкономика» факультеті болып құрылды.

→ 2019 жылдан бері «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институты деп аталады.

→ Институт экономика, ақпараттық технология мен гуманитарлық бағыттағы мамандарды даярлайды.

→ Институт цифрландыру, терең талдау мен көшбасшылықтың жаңа тенденцияларын ескере отырып, еңбек нарығына, жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне толық жауап беретін жаңа, заманауи бағдарламалар ұсынумен қатар студенттердің шығармашылығын арттыру, ғылымға негіздеу бағытындағы түрлі тәрбиелік шараларды жүзеге асырады.

Институт (бұрынғы факультет) директорлары:

2013-2015 ж.ж. – э.ғ.к., доктор, профес-



Биылғы жыл да «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институты үшін жағымды жаңалықпен басталды. Салауатты өмір салтын ұстанатын, барлық іс-шараларға белсене қатысатын институт командасы (Әскери кафедрамен бірге) профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасындағы дәстүрлі «Денсаулық-2023» спартакиадасында жалпы есеп бойынша жеңімпаз деп танылды.

МОИ ВОСПОМИНАНИЯ О СОРАТНИКАХ, КОЛЛЕГАХ

(Штрихи к портрету профессора Шах Бориса Петровича)

Профессор Борис Петрович Шах начал работать в Западно-Казахстанском сельскохозяйственном институте с 1975 года, когда я был студентом 4 курса зооинженерного факультета. В 1977 году я по распределению был оставлен на работу в институте научным сотрудником.

Уральск в эти годы заметно преобразился. Были сооружены железнодорожный, автобусный и аэровокзалы, крупные коммунальные объекты. Проложена магистральная обходная дорога в качестве защитной дамбы от затопления города при наводнениях. За это время было построено жилых домов общей площадью 3094 тысячи квадратных метров или в год сдавалась примерно 287 тысячи квадратных метров жилья. За выдающиеся успехи в выполнении планов хозяйственного и культурного строительства 16 июня 1981 года Уральск был удостоен Почетного Диплома, его имя было внесено в Золотую Книгу Почета Казахской ССР.

Работа Бориса Петровича в институте совпала со временем становления вуза. В период его работы началось строительство



дителя. Переезд факультета на новое место, тем более в середине учебного процесса был сопряжен большими трудностями, тк необходимо было все учебное оборудование (станки, машины и т.д.) демонтировать, устанавливать заново. Все это проводилось усилиями преподавателей, лаборантов и студентов факультета. Не хватало лабораторий,



настоящего учебного кампуса. До начала 70-х годов сельскохозяйственный институт представлял собой унылое зрелище. Институт базировался в отдельных приспособленных помещениях в городе. Разброшенность, нехватка оборудования, отсутствие комфортабельных студенческих общежитий - не могли не сказываться на управляемости учебного заведения, на обеспечение жизнедеятельности вуза.

В строительстве учебного комплекса мы увидели организаторские и деловые качества Бориса Петровича. Он работал на перспективу, никогда не заикливаясь на мелочах. Вся ответственность строительства комплекса ложилась на плечи ректора. Борис Петрович доверял проректорам, деканам факультетов, руководителям подразделений и каждый на своем участке выполняли свою работу.

Территория нынешнего учебного комплекса занимала площадь 93 гектара земли, была отдалена от города. Студенты и преподаватели добирались с города на автобусах, которые плохо и не регулярно ходили. Все это вызывало трудности в организации учебного процесса. Но надо отдать должное, поставленные ректором перед руководителями подразделений и коллективом задачи, несмотря на большие сложности с честью выполнялись.

В этот период совершенствуется и укрепляется материально-техническая база СХИ. На окраине города началось сначала проектирование, а затем и строительство целого научно-производственного комплекса.

Факультет механизации сельского хозяйства стал одним из первых, кто начал обживать помещения стремительно устремленной в поднебесье новостройки. Вся ответственность ложилась на первого руково-

дителя. Переезд факультета на новое место, тем более в середине учебного процесса был сопряжен большими трудностями, тк необходимо было все учебное оборудование (станки, машины и т.д.) демонтировать, устанавливать заново. Все это проводилось усилиями преподавателей, лаборантов и студентов факультета. Не хватало лабораторий,

пришлось на Меловых горках в учебном хозяйстве «Фрунзенское» организовать лабораторию по ремонту сельхозмашин. Борис Петрович нередко поднимал проблемы, предлагая собственное видение их решения. Масштабность, креативность и инновационность были основаны именно на его самостоятельности. У него был какой-то необъяснимый внутренний импульс, который толкал к действию, к решению масштабных проблем.

Борис Петрович Шах - личность неординарная. Его жизнь как первого руководителя Вуза, научно-педагогическое творчество, общественная деятельность исполнены высокого смысла и глубочайшего духовного содержания.

Большую роль в социально-экономическом развитии Приуралья и строительстве нашего тогдашнего сельскохозяйственного института сыграл Мустахим Белялович Иксанов, возглавлявший область почти одиннадцать лет, с 1975 по 1986 годы.

Как и многие периферийные вузы наш институт страдал от недостатка оstepененных преподавателей. Он никогда не отказывал молодым преподавателям, которые хотели учиться в целевых аспирантурах. В конце 70-х Борис Петрович собрал более 40 молодых преподавателей и направил обучаться в аспирантуры ведущих научных учреждений СССР. В том числе был и я. Успешно закончил кандидатскую, в 1994 году докторскую диссертацию. Благодаря этому я стал тем, кем являюсь доктором сельскохозяйственных наук, профессором и 17 лет работал в родном институте, позже в аграрном университете проректором по научной работе и международным связям. И это было все благодаря доверию и наставлению Бориса Петровича.

Борис Петрович особое внимание уделял набору студентов. Известно, что в это время принцип комплектования студенческого контингента отличался от нынешнего. В конце вступительных экзаменов приемная комиссия во главе с ректором института проводила зачисление. Проректор по учебной работе докладывал о зачислении по каждому абитуриенту, которые после обсуждения принимались членами комиссии.

Большое внимание Борис Петрович уделял техническому оснащению кафедр вуза. При его непосредственном участии учебные и испытательные лаборатории были полностью оснащены современными по тем временам стендами, действующими моделями тракторов и других сельскохозяйственных машин.

Много сил и энергии вложил в развитие учебно-опытного хозяйства института «Фрунзенское». В 1980 году оснастил институт венгерской научно-исследовательской лабораторией и эта лаборатория была современной по тем временам.

Особое внимание он уделял вопросам жизнеобеспечения и коммунального обслуживания учебного городка как единого целого.

Несмотря на свою занятость, Борис Петрович часто выезжал в хозяйства области, и мне не раз приходилось с ним выезжать.

Ученые института совместно с учеными КазНИТИ овцеводства вели научно-исследовательскую, селекционно-племенную работу по созданию в Западно-Казахстанской области новой породы мясо-шерстных овец с кроссбредной шерстью. Я работал в творческой группе по созданию массива овец. И здесь, я всегда ощущал поддержку ректора.

В 1981 году Борис Петрович Шах представлял комиссии МСХ СССР, возглавляемый главным овцеводом СССР Иваном Тимофеевичем Котляровым, труд ученых двух научных учреждений Каз. НИТИО и Зап.Каз.СХИ - акжайкских мясо-шерстных овец, которая в последующем была утверждена как новая полутонкорунная порода овец.

Борис Петрович принадлежит к поколению тех, кто будучи молодыми, сформировали свое «я» в 50-60-е годы XX столетия. Пятидесятники... В том плавильном котле хрущевской оттепели наряду с ним формировалась элита национальной интеллигенции, которая позднее будет определять лицо высшей школы Казахстана. Атмосфера тех лет,

Удивительна человеческая память. Кто остается в ней метеоритом, недолгой вспышкой, а кто величиной постоянной, путеводной звездой. Встреча с таким человеком - радость в сердце, его образ - ориентир. Новое всегда пробивается с трудом. И невзрачная городская окраина на глазах преображалась. Студенческому городку быть. И вот взметнулись в небо новые учебные корпуса, студенческие общежития, вырос на пустыре целый комплекс на моих глазах.

Учиться было интересно. Молодежь стремилась получить высшее образование, свершить открытия в науке, технике. Первые студенческие строительные отряды, поездки в отдаленные аулы и села, расцвет художественной самодеятельности, студенческие театры, спортивные состязания, музыкальные будни - все звучало в общем ритме страны. Ключом была научная жизнь. Знакомство с интересными людьми, корифеями науки не прошли бесследно для меня - молодого в то время ученого.

Борис Петрович читал лекции на агрономическом факультете. И со слов студентов агрофака тех лет - это блестящее преподавание. Он совмещал работу первого руководителя с работой над научными трудами, это был гармоничный симбиоз. Действительно, ученого судят по трудам, учителя - по ученикам, организатора - по делам.

Борис Петрович проработал в нашем институте 10 лет. И сколько я знаю Б.П.Шах никогда не командовал, не администрировал, не злоупотреблял своей властью. Напротив, все вопросы, какой бы важности и сложности они не были, старался решать вместе со специалистами, коллегами, активом. Даже тогда, когда вопрос для него был ясен, и он знал, как нужно поступить, ректор непременно собирал людей и советовался с ними. И это заставляло, профессорско-преподавательский состав и студентов думать, развивать инициативу, повышать чувство ответственности за порученное дело.

С происшествием времени, оцениваешь, делаешь анализ и по новому смотришь на прошедшее. Не знаю случая проявления Борисом Петровичем растерянности, даже в труднейших, сложных ситуациях.

За десять лет работы ректором нашего института, ныне Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана Борисом Петровичем было сделано многое. Что сегодня вуз имеет и дальше



в которой они оказались, создавала их, а они в свою очередь, создавали благоприятную среду для личностей масштабно мыслящих. Борис Петрович встречаясь с молодежью всегда мечтал в глобальных масштабах: трудиться - так много, достигать - так всего. Так они, пятидесятники, были устроены.

Есть замечательная казахская пословица «Бала адам болып тегін емес, ортадан калыптасадь». Человека, действительно в большой степени, чем доставшиеся по наследству гены, формирует среда, которая и выплавляет из него личность. Среда отцовского дома, среда незаурядных учителей и друзей-единомышленников можно назвать истоками такой самобытной и уникальной личности, как Борис Петрович.

развивается это, безусловно, заслуга Бориса Петровича на посту ректора. И сегодня, я и коллеги, которые знают Бориса Петровича, с теплотой вспоминаем его как ректора, специалиста, гражданина.

Новатор по натуре и складу характера, не любивший отставать от жизни и заглядывающий далеко вперед каким мы знаем Бориса Петровича.

Светлая память ему, а нашему университету в год 60-летия желаю расти и развиваться!

Балуаш ТРАЙСОВ,
доктор сельскохозяйственных наук,
профессор, академик КазНАЕН,
Каз АСХН



Телекоммуникация саласындағы монополия

Нарықтық экономикаға көшкен мемлекеттерде көрсетілетін қызметтер мен өндірілетін тауарлардың ассортименті көп, сапасы жоғары. Неге?! Себебі біреу, бәсекелік орта қаншалықты жақсы дамыса сапа мен баға да соншалықты клиенттің көңілінен шығады. Бұл нарықтың заңдылығы. Алайда нарықтың заңы іске аспайтын экономикалық жүйе де бар. Ол – монополия.



Елімізде монополиялық көрініс халыққа қызмет көрсету саласында, яғни телекоммуникация, электроэнергиясы, жылумен және ауыз суымен қамту салаларында көрініс табады. Өйткені мұндай салаларда монополияның көрініс табуы орынды, себебі электр торабын алатын болсақ, егер нарықта екінші бәсекелес фирма келу үшін ол бүкіл сол аумаққа өз алдына электр тораптарын таратуға алып келеді, ол дегеніміз артық шығындарды туғызады.

90-шы жылдардағы Қазақстанның телекоммуникациялары бұрынғы КСРО-ның телекоммуникациялық базасында дамыды. Содан кейін жаңа мыңжылдықтың басында процесс ҚР Үкіметінің 4.12.2001 жылғы «ҚР телекоммуникация саласын дамыту тұжырымдамасы туралы» Қаулысы негізінде мемлекеттік бағдарламамен реттелді, оған сәйкес 2004 жылдан бастап нарықты монополиясыздандыру басталды және мемлекеттік компаниялармен қатар жеке ойыншылар пайда болды. Негізінен телекоммуникация қызметтерімен өңірлік

қамту үшін. 2000 жылдардың бірінші онжылдығында Қазақстанның мегаполистерінде республикада әлі де басым болып келе жатқан MMDS желілерінің орнына талшықты-оптикалық байланыс желілерін (ТОБЖ) төсеу басталды, сондай-ақ 4G форматы таратылды. 2013 жылға дейін Қазақстанда жыл сайын KiteL Халықаралық Орталық Азия Телекоммуникациялар көрмесі өтті. 2013 жылы Үкімет ел халқына ТК дамыту мен қолжетімділікке бағытталған «Ақпараттық Қазақстан – 2020» жаңа телекоммуникациялық бағдарламасын бекітті. 2000 жылдардан бастап Қазақстанда телекоммуникация нарығының тәуелсіз бірлестіктері жұмыс істейді: Қазақстанның Ұлттық телекоммуникация қауымдастығы (ҚР ҰТА), Қазақстанның ұлттық телерадио хабарларын тарату қауымдастығы, Қазақстанның Интернет қауымдастығы және Қазақстандық IT-компаниялар қауымдастығы.

90-жылдардың бірінші жартысында Қазақстанда тіркелген байланыспен қатар Қазақтелеком мемлекеттік байланыс операторы

мен британдық Wireless Technology Corporation Ltd қатысуымен құрылған қазақстандық Алтел енгізген мобильді байланыс пайда болды. Халықаралық инвестициялармен 20 млн. доллар. Алтелге ҚР ұялы байланыс нарығында Мемлекеттік бес жылдық монополия берілді, осыған байланысты 1999 жылдың соңына дейін бәсекелестік болмады, ал бір абоненттің орташа айлық шоты шамамен 700 долларды құрады, Ресей Федерациясындағы ұқсас төлеммен салыстырғанда 300 доллар. 2000 жылы қазақстандық ұялы байланыс абоненттерінің саны 15 000 адамнан аспады, ал беру станциялары 20-дан сәл астам салынды. 1999 жылы Қазақстанда бір мезгілде Kcell және K-Mobile ұялы желілері енгізілді. 2007 жылы Қазақтелеком тіркелген байланыс абоненттерін ел ауқымындағы IP-телефония форматына ауыстыруды бастады.

Қазақстан Республикасының телекоммуникация нарығында Tele2 бренді («Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС) алғаш рет 2010 жылы пайда болып, жергілікті байланыс опера-

торын сатып алу жөніндегі мәмілені аяқтады.

Tele2 және Altel ұялы байланыс операторлары бір холдингке бірігеді, бірақ әрқайсысы өз брендімен жұмыс істейді. Холдингтік компанияда 49%-ы Tele2, ал 51%-ы Қазақтелекомға тиесілі болады. Шоғырландыру алдында Швед Tele2 Қазақстандағы оператордың заңды тұлғасы – «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-дағы акциялардың 49% – 15 млн. долларға сатып алады.

2018 жылы Ұлттық оператор «Қазақтелеком» АҚ Kcell акцияларының 24% – Telia Company компаниясынан және 51% – Fintur Holdings BV-Telia Company (58,55%) және Turkcell (41,45%) телекоммуникациялық компанияларының бірлескен кәсіпорнынан жалпы үлес салмағы 75% акцияны сатып алған, 2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ шведтік мобильді оператор «Теле2» компаниясының 49%-ын сатып алған.

Егер де есептеп көретін болсақ еліміздегі байланыс нарығының 65% - ы «Қазақтелеком» АҚ тиесілі екен.

Сәйкесінше елдегі интернет бағасы да жоғары болады, себебі нарықта бәсекелес жоқтың қасы (тек Билайн) бірақ байланыс сапасы мен интернет жылдамдығы артпайды.

Қарапайым тұтынушылар яғни абоненттер үшін 1 айлық тариф бағасының олардың қалтасына қалай әсер ететінін есептеп көрейік. Мысалы 2017 жылы белгілі бір оператордың тариф бағасы 1890 теңге болған, ол кезде Қазақстанда ең төменгі жалақы мөлшері 24459

теңгені құраған. Демек, ай сайын қарапайым жұмысшы жалақысының 7,7%-ын тек қана тариф салуға жұмсаған. Ал көрші Ресейде бұл көрсеткіш 3,2%-ды құрапты. 2022 жылы еліміздегі ең төменгі жалақы мөлшері 60000 теңгені құраса, тариф бағасы 3500 сәйкесінше 5,83 пайыз жалақының бөлігі тарифтік жоспарға жұмсалады екен. Ал Испанияда 2022 жылы ең төменгі жалақы 1166 еуро болса, тарифтік жоспар небәрі 20 еуро немесе жалақының 1,7 пайызын алады екен. Бірақ ондағы (Испаниядағы) интернет жылдамдығы мен байланыс сапасы бізге қарағанда екі-үш есе жоғары.

Қорытындылай келе, нарықта екі фирма болса бұл монополияның белгісі, ал кемінде үш фирма болса онда бәсеке де арта түседі. Бәсеке артқан жағдайда тұтынушыларға сапалы қызмет көрсетіліп, арзан яғни олардың өздеріне тиімді бағада қызмет ала алады. Нарықтың заңдылығы бәсекені арттыра отырып, бағаны түсіру, сапаны көтеру. Егер нарықта бір фирма болса онда оны абсолюттік монополия деп айтсақ қателеспейміз.

Қараша айында «Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің» өкілдері елімізде жыл соңына дейін төртінші ұялы байланыс операторы пайдаланатын жайында хабарлаған еді. Бұның нәтижесі еліміздегі ұялы байланыс операторларының қызмет құнының төмендеуіне немесе күрт көтерілуіне әкеледі деп күтілуде. Бұл қабылданған шараның бастамасы әрине орынды, әзірге істің соңын күтуіміз керек...

Мұхаммед-Әли
ҚУАНЫШКЕРЕЙ
БМУ-41 тобының студенті

«Хан тоғайын» зерттедік

«Тәрбие және әлеуметтік жұмыс бағытында инновациялық идеялар» сайысы аясындағы жоба бойынша «Экономика және аудит» жоғарғы мектебінің оқытушылары Н.А.Ахметжанова, К.У.Нурсапина, А.А.Тапалова «БҚО-ның тарихи орындары картасының мультимедиялық нұсқасын құрастыру және оларды интернетте тарату» тақырыбындағы жоспарға сәйкес, жоба белсенділеріміз бірігіп табиғи орман саябағы аймағындағы Хан тоғайына саяхат жасады.

Жоба белсенділері тақырыпқа сәйкес тоғайдың тарихына қатысты мәліметтер іздеп, зерттеулерімізбен бөлісті. Бұл зерттеулер өңіріміздің туризм бағытын насихаттап, жаңа деңгейде дамуына зор үлесін қосты деп есептейміз.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі – рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау әрі арттыра түсу. Ол жұмыстардың бір бағыты – киелі орындар картасын жасау болса, енді бірі – «Туған жер» жобасы. Бұл өз туған өлкеңді, оның тарихы мен табиғатын тануға бағытталған экспедициялар мен экскурсиялар. Осындай нысандардың бірі – Хан тоғайының (Ханская роща) жалпы ауданы – 256 га, 1812 жылы құрылған. Орал мен Шаған өзендерінің түйіскен жерінде орналасқан тоғай – Оралдағы табиғи орман-саябақ аймағы. Қаланың «Курени» аталып кеткен ең көне тарихи ауданымен іргелес жатыр. Ең көп таралған нұсқа бойынша, ол өз атауын вассалдық Ішкі (Бөкей) Орда хандарының ант берген жерінен алған. Алғаш рет 1812 жылы Бөкей хан үшін тоғайда хандық абыройға көтерілу және Ресей мемлекетіне ант беру рәсімі өткізіліпті. Кейіннен тоғайдың атын өзгертуге екі рет әрекет жасалды. 1891 жылы тақ мұрагері Николай Александровичтің Оралға сапарынан кейін «Царевич тоғайына», ал 1930 жылдары «Горький атындағы



тоғайға» айналған болатын. Бірақ жаңа ресми атаулардың ешқайсысы тамыр жайған жоқ, халық жадында тоғай әрқашан «Хан» болып қала берді.

Бірнеше жыл бұрын тоғай бір кәсіпкерге пайдалануға берілді. Алайда халық бұған наразылық танытты. Себебі, бұл жалпыхалықтық игілік үшін қызмет ететін орын, оған кіруге және демалуға қаржы төлеу ақылға сый ма?! Айтуларына, халық ол ақшаны қоқысты тазалағаны үшін төлейді екен. Бірақ тоғай қайтадан Орман шаруашылығы саласының инспекторлары мен белсенділердің бақылауына өтті.

2013 жылы «Хан тоғайы» қайтадан кәсіпкерге пайдалануға берілді. Шлагбаумдар орнатылды, кіреберісте ақысына қоқыс пакеттері беріледі. Қызметкерлер қоқысты жинап, ескерту белгілерін қояды. Өртке қарсы маңызы бар жолдарды тазарту бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Орал орман шаруашылығы басшылығы уәде бергендей,

темірдей тәртіп қатай түсті.

Негізінен бұл «Хан тоғайының» флорасында өсімдіктер 200-500-деп саналады. Өзен алқабындағы орманда құстардың – шұбаршымшық, құнақ, сары шымшық, ементұмсық, қаратоқылдақ, шикылдақ, қарапайым қара торғай, қарапайым көкшіл шымшық, орман көгершіні, дыркептер сынды небір түрлері кездеседі. Әсіресе, дыркептер ерекше қызығушылық тудырады, өйткені біздің аймақта көгершінің бұл түрі өте сирек кездеседі.

Тоғай көптеген тарихи оқиғалардың куәгері. Хан тоғайында әйгілі Макаров жазғы театры, мейрамханалар болды, қайықтар жүзіп жүрді, жолаушылар пароходы болды. Адамдар мұнда мереке күндері аккордеондары мен самаурындарын арқалап отбасылармен келетін болған.

1733 жылғы Орал жоспарында тоғай сол жағалауда белгіленген. Тоғайды Жайық пен Шаған құшағына алып тұрғандай. Бұл

тоғайдың неліктен «Хан» деп аталатыны әр түрлі түсіндіріледі. Тіпті осы жерден кейбір хандар қалаға шабуыл жасады деген нұсқалар болды. Ал Николай Чесноков: «Керісінше, тарихтағы Хан тоғайы достықтың дәлелі болып қала берді» деп жазған.

Хан тоғайының тарихы ғасырлар қойнауынан басталады. Ал атауы Оралдан бірталай алыс жерде, Жайық пен Еділдің арасында орын алған оқиғаларға байланысты туындаған.

Патша үкіметі Ішкі Бөкей ордасына сыйластықпен қараған. Орынбор басшылығына Бөкей сұлтанды хан тағына отырғызу бойынша ерекше салтанат ұйымдастыру тапсырылады. Бұл көптеген қонақ жиылатын, сән-салтанатқа толы шара болуы тиіс. Өзінше билікке қол жеткізген хан да императорға бағынышты екендігін көрсетуі қажет еді. Таңдау Орал қаласы маңындағы осы тоғайға түсіпті. Салтанатты шарада Бөкейді хан сайлап, бекіту туралы императордың жарлығы оқылып, одан соң ханның өзі Құран Кәрімді ұстап, ант береді. Оның иығына бұлғын ішік жабылып, қылыш сыйлаған.

Ал 1824 жылдың 26 маусымында өзінің озық та білімді көзқарасымен танылған Жәңгір сұлтанды да дәстүр бойынша ақ киізге көтеріп, хан сайлаған.

Бұл екі тарихи оқиға тоғайдың «Хан тоғайы» аталуына себепші болды, әйтсе де Бөкей де, Жәңгір де бұл жерге ол оқиғалардан соң келмеген. Кейіннен басқа атаулар берілсе де, оралдықтар тоғайды әр кезде де «Хан тоғайы» деп атады.

Аталған жоба аясында жүргізіліп жатырған шаралар өңіріміздің тарихымен танысу барысында мультимедиялық картаның нұсқасын құрастыру болып табылады.

Тарихи орынды зерттеген:
«Ветеринария» тобының студенттері –
Аманжол ЖАНАБІЛ,
ЕРЛАН Ғазимжанов,
Ернар ҚЫДЫР



🎵 ОЙ ЖҮЙРІК



Құрметті студенттер және профессор оқытушылар құрамы!

Сіздердің кері байланыстарыңыз біз үшін өте маңызды. Сондықтан, шағын ойын ұйымдастырайық. Төменде берілген әріптерден университетімізге қатысты ең көп сөз құрап, Instagram желісіндегі direct-ке (wkaui.kz) жауаптарыңызды жазсаңыздар, Медиа орталығы атынан шағын атаулы сыйлық ұтып ала аласыздар.

🎵 ТАБИҒАТ ҒАЖАЙЫПТАРЫ – ОҚЫРМАН КӨЗІМЕН

Сіз түсірген бір сурет

Газетімізде «Табиғат ғажайыптары – оқырманның көзімен» атты фотосурет айдары ашылғаны туралы әлеуметтік желілер арқылы хабарлаған едік.

Бұл айдарға университет оқытушыларынан, қызметкерлерінен және білім алушылардан табиғаттың түрлі ғажайып көрінісінен түсірілген фотосуреттер қабылданады. Ерекше жұмыстар газет бетінде жарияланады. Өкінішке орай, бізге жолданған алғашқы жұмыстардың ішінен қазіргі аязды қыстың ерекше көрінісін кездестірмедік. Тек қана төмендегі автордың (аты-жөні көрсетілмеген) фотосуреттері еріксіз назарымызды аударды.

Далада қыс мезгілі. Ерекше маусым. Ендеше осындай әдемі кезеңнің қайталанбас сәттерін қолыңыздағы телефоныңызға неге түсіріп алмасқа... Біз сіздерден ғажайып өрнектерге толы қысқы суреттер күтеміз!



Суреттерді бейнемонтаж инженері Ерасыл Саламатовтың WhatsApp нөміріне жолдай аласыздар: 87055510500. Фотосуреттерді жібергенде оны түсірген адамның аты-жөні мен қызметі қоса көрсетілуі керек



Мерейтойға өз үлесіңізді қосыңыз

Өздеріңізге белгілі, 2023 жыл – Жәңгір хан университетінің құрылғанына 60 жыл толып отыр. Осы атаулы датаға орай «Заңгар» газеті мен әлеуметтік желілерімізде «Жәңгір хан университетіне – 60 жыл» айдары ашылды. Оған ардагер-ұстаздардан, профессор-оқытушылар құрамынан және университет түлектерінен БҚАТУ-дың даму жолы, тарихи сәттер туралы жазбалар, мақалалар жыл соңына дейін қабылданады. Өзіңіз түлеп ұшқан немесе еңбек етіп жүрген білім мен ғылымның қара шаңырағының мерейтойына сіз де өз үлесіңізді қосыңыз.

Медиа орталық

Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Бас маман
Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ
«Заңгар» газетінің маманы
Айдана ТЕМІРБАЙ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 56 3
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru